

Мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғанышыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 215 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2023 жылғы 20 маусымда № 32851 болып тіркелді.

ЗҚАЙ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 171-бабы 4-тармағының төртінші абзацына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғанышыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеуді жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары - Еңбек және

халықты әлеуметтік

қорғау министрі

2023 жылғы 9 маусымдағы

№ 215

бұйрыққа қосымша

Мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақыны, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау және төлеу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақыны, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау және төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 171-бабы 4-тармағының төртінші абзацына (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібін айқындайды.

Осы Қағидаларға мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілдегі орган бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығын, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясын, "Электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторын және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік

қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелерін енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабардар етеді.

Мүгедектігі бар адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларға (бұдан әрі – жәрдемақылар) мыналар жатады:

мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы);

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.05.2025 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

3) жәрдемақы алушы – мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін және (немесе) күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы тағайындалған өтініш беруші;

4) жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

5) жәрдемақыларды тағайындау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган) – уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері;

6) күтім жасайтын адам – бірінші топтағы мүгедектігі бар адаммен туыстық байланысы барына қарамастан, оған тікелей күтім жасайтын жеке тұлға;

7) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі (бұдан әрі – МӘС бөлімшесі) – жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізетін құрылымдық бөлімшесі;

8) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі – мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын талаптар;

9) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауының жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мұddeлерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес иғіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі немесе олардың жиынтығы;

10) өтініш беруші – жәрдемақылар тағайындау үшін жүгінетін адам;

11) проактивті көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

12) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

13) электрондық құжат – ақпарат электрондық цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәланырылған құжат;

14) электрондық өтінім – мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны және күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындауға қажет, Мемлекеттік корпорацияның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәланырылған электрондық құжат нысанындағы мәліметтер;

15) электрондық өтініш – электрондық цифрлық қолтаңбамен куәланырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

16) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырланырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

17) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дәйектілігін, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдар жиыны;

18) электрондық іс макеті – Мемлекеттік корпорация қалыптастыратын жәрдемақы алушының электрондық іс макеті.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 12.03.2024 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

2-тарау. Жәрдемақыларды тағайындау тәртібі

1-параграф. Мүгедектігі барбаланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны тағайындау тәртібі

3. Балаға мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде мүгедектігі барбаланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен тұрғылықты жері бойынша МӘС бөлімшесіне жүгінеді.

Балаға (балаларға) мүгедектік белгілеген кезде көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "Мүгедектігі барбаланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызметі "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі.

Мүгедектігі барбаланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш ұсыну Заңға сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы жәрдемақы тағайындау кезінде талап етілмейді.

4. Мүгедектігі барбаланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға тікелей немесе Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы жүгінген күннен бастап баланың барлық мүгедектік кезеңіне тағайындалады.

Мүгедектігі барбала мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне алынған кезде мүгедектігі барбаланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы бала отбасында демалыста болған кезеңге бала мемлекеттің толық қамтамасыз етуінде болған мемлекеттік мекеме аталған фактіні құжаттамалық растиған жағдайда тағайындалады.

5. Мүгедектігі барбаланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы баланың отбасы табысына қарамастан тағайындалады.

6. Мүгедектігі барбаланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы тағайындау үшін өтініш беруші Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Мүгедектігі барбаланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

Өтініш берушінің электрондық өтінішінде көрсетілген өтініш берушінің жеке басын куәланыратын құжат, баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері) немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтаманың мәліметтері, баланың мүгедектік туралы анықтама, неке қио (ерлі-зайыптылық), некені бұзу туралы куәлік, балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растьайтын құжат

немесе тuu туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтер, банк шотының нөмірі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) үйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуларға сәйкес "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) алынады.

Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін баланың (балалардың) туу туралы куәлігі не туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген неке (ерлі-зайыптылық) қио туралы мәліметтерді қоспағанда, неке (ерлі-зайыптылық) қио, бұзу туралы куәлік, баланың мүгедектігі туралы анықтама, балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленгенін растайтын құжат немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, банк шотының нөмірі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) үйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес көрсетілген құжаттарда расталған кезде талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

2-параграф. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау тәртібі

7. Бірінші топтағы мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен тұрғылықты жері бойынша МӘС бөлімшесіне жүгінеді.

Мүгедектік белгілеген кезде көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша "Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік қызметі "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі.

Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш ұсыну Заңға сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы жәрдемақы тағайындау кезінде талап етілмейді.

8. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның немесе оның заңды өкілінің жәрдемақы тағайындауға жүгінген құнінен бастап

бірінші топтағы мүгедектігі белгіленген барлық кезеңге, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде болған жағдайда – қылмыстық жаза мерзімінің сонына дейін тағайындалады.

Жүгіну құні өтініш берген құн болып есептеледі.

Күтім жасайтын адам ауысқан жағдайда жәрдемақы ауысу құніне дейін төленеді.

9. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы тағайындау үшін өтініш беруші Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 6 және 7-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

Өтініш берушінің және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның күтімін жасайтын адам болып айқындалған адамның жеке басын куәландыратын және тұрғылықты жері бойынша тіркелуі бойынша мәліметтер (күтім жасайтын адам ретінде айқындалған адамның және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның бір қала және (немесе) аудан шегінде тұру, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде болу фактісін растау үшін), сонымен қатар банк шотының нөмірі туралы мәліметтер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуларға сәйкес тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынады.

Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін бірінші топ мүгедектігі бар адамға қорғаншылық тағайындалғанын растайтын құжатты, сондай-ақ бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның мүгедектігі туралы анықтамаларды, психикалық денсаулық орталығында есепте тұру фактісінің жоқтығы туралы мәліметтерді, күтім жасайтын адам ретінде айқындалған адамның қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде болғандығы туралы мәліметтерді ұсыну және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның көрсетілген құжаттардағы ақпаратты растау кезінде банкт шоттың нөмірі туралы мәліметтер талап етілмейді, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымның ақпараттық жүйелеріне сұрау салуларға сәйкес.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

3-параграф. Жәрдемақы тағайындау үшін өтініштерді қарau тәртібі

10. Өтініш беруші жәрдемақы тағайындау үшін тиісті құжаттар ұсынғаннан кейін оның қатысуымен Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшесінің

маманы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация бөлімшесі), егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде дербес деректерді жинауға және өндеге, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады және:

мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес сұрау салуды;

үәкілдегі мемлекеттік органның ақпараттық жүйесіне өтініш берушіде жәрдемақы тағайындау, төлеу немесе өтініш беру фактісінің болуына сұрау салуды қалыптастырады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұратылып отырган мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде сұрау салуды жүзеге асырған Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш берушіге осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Өтініш беруші түпнұсқада ұсынған құжаттар және өтініш сканерленеді және құжаттардың электрондық көшірмесі Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦК-сы арқылы куәландарылады, содан кейін өтініш берушіге қайтарылады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұратылып отырган мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынбаған жағдайда өтініш берушіге осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Үәкілдегі мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен жәрдемақыларды тағайындау, төлеу немесе тағайындауға өтініш беру фактісін растайтын ақпарат алған кезде өтініш берушіге осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

11. Тиісті жәрдемақыларды тағайындау үшін өтінішті және құжаттарды үшінші адамдардың ұсынуы жәрдемақы алуға құқығы бар адамның нотариус немесе нотариаттық іс-әрекет жасайтын лауазымды адам куәландаған нотариат куәландаған сенімхаты бойынша жүзеге асырылады.

Нотариат куәландаған сенімхат сканерленеді және Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦК-сы арқылы куәландарылады, содан кейін өтініш берушіге қайтарылады.

12. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі тиісті жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш берушіден қабылданатын құжаттар топтамасының, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтердің толықтығын тексереді, сканерлеу сапасын және өтініш беруші ұсынған құжаттардың электрондық көшірмелерінің түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

13. Өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, осы Қағидаларға 11-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

14. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін, күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыларды тағайындау үшін өтініш беруші портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және осы Қағидаларға З және 7-қосымшаларға сәйкес өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуды өтініш берушінің өзі жүзеге асырады.

Растайтын мәліметтерді алған кезде портал арқылы сұрау салуды жүзеге асырған өтініш беруші мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін, күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыларды тағайындау туралы электрондық өтінішті өзінің ЭЦҚ-сы арқылы қуәландырады және оны үәкілдепті мемлекеттік органның автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жібереді.

Өтініш беруші талап етілген құжаттарды тапсырған кезде өтініш берушінің "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранысты қабылдау мәртебесі көрінеді.

15. Портал арқылы келіп түсken, жәрдемақылар тағайындау үшін ұсынылған электрондық өтініш мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

- 1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;
- 2) тиісті жәрдемақыларды тағайындау, төлеу, сондай-ақ тағайындауға өтініш беру фактісінің болмауы;
- 3) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы тағайындалатын баланың он сегізден аспаған жасы (мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге жәрдемақыны тағайындау үшін);
- 4) балада мүгедектіктің болуы (мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге жәрдемақыны тағайындау үшін);
- 5) он сегізден жас болмауын анықтау туралы (бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адам ретінде айқындалған адам үшін);
- 6) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамда мүгедектіктің болуы (күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы тағайындау үшін)
- 7) сottың әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп тану фактісінің болмауы (бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адам ретінде айқындалған адам үшін);
- 8) психикалық денсаулық орталығында есепте тұру фактісінің болмауы (бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адам ретінде айқындалған адам үшін);
- 9) өтініш берушінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеудің және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адам ретінде айқындалған адамның тұрғылықты жері бойынша тіркеудің болуы (күтім жасайтын адам ретінде айқындалған адамның және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның бір қала және (немесе) аудан

шегінде тұру, қылмыстық-атқару жүйесінің бір мекемесінде болу фактісін растау үшін)

;

10) өтініш берушінің және мүгедектігі бар баланың (балалардың) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеудің болуы (мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге жәрдемақы тағайындау үшін).

Жоғарыда келтірілген параметрлер бойынша тексерудің он нәтижесі болған жағдайда өтінішті өндөуге арналған кіріс хабарламалар журналына тіркеу жүргізіледі.

16. МӘС бөлімшесі мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны тағайындауға өтініш қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 6, 9-тармақтарында көзделген тәртіппен өтініштен және өтініш беруші тұпнұсқада ұсынған құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса алғанда, құжаттардың топтамасынан тұратын электрондық өтінімді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жібереді.

Құжаттардың электрондық көшірмелері өтінішті қабылдаған МӘС бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

17. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде тиісті жәрдемақыны тағайындау туралы өтінішті осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштерді тіркеудің электрондық журналында тіркейді.

Портал немесе МӘС бөлімшесі арқылы келіп тұсken электрондық өтінімдер осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлемдерді тағайындау үшін "электрондық үкімет" веб-порталы немесе медициналық әлеуметтік сараптама бөлімшесі арқылы келіп тұсken азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі.

Қажетті құжаттары, оның ішінде электрондық құжаттары бар өтінішті уәкілетті орган оны Мемлекеттік корпорацияда тіркеген күннен бастап, ал ақпараттық жүйелер өтініш беруші туралы бұрын болмаған мәліметтердің болуын белгіленген тәртіппен растиған жағдайда – мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелері өтініш беруші туралы мәліметтерді растиған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қарайды.

18. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі портал арқылы жолданған электрондық өтінішті қабылдаған кезде портал арқылы өтініш берушінің жеке кабинетіне осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі. Хабарлама Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылады.

19. Өтініш Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінде тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде электрондық іс макеті және осы Қағидаларға 15 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тиісті электрондық шешім жобасы қалыптастырылады, тиісті жәрдемақыларды тағайындау үшін жәрдемақылардың

мөлшері есептеледі және Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылады.

Электрондық шешім жобасы жәрдемақы тағайындау (өзгерту, тағайындаудан бас тарту) туралы электрондық цифрлық нысандағы құжатты (бұдан әрі – шешім жобасы) білдіреді.

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің басшысы Мемлекеттік корпорация бөлімшесі маманының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылған жәрдемақылар мөлшерін есептеудің, шешім жобасын ресімдеудің дұрыстығын тексереді, содан кейін Мемлекеттік корпорация бөлімшесі электрондық іс макетін Мемлекеттік корпорацияның облыстық, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы филиалына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация филиалы) жібереді.

20. Мемлекеттік корпорацияның филиалы электрондық іс макеті мен шешім жобасы келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қарайды, есептеудің және шешім жобасын ресімдеудің дұрыстығын тексереді, содан кейін жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға жібереді. Бұл ретте, шешім жобасы Мемлекеттік корпорация филиалы басшысының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылады.

21. Мемлекеттік корпорациядан құжаттарды алғаннан кейін жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган бөлімінің (басқармасының) жәрдемақы тағайындау функцияларын орындайтын маманы бір жұмыс күні ішінде:

Мемлекеттік корпорациядан келіп түскен электрондық шешім жобасы бар электрондық іс макетін қарайды (есептеудің дұрыстығын, сканерленген құжаттардың сапасын тексереді);

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне электрондық шешім жобасы бар электрондық іс макетін:

Мемлекеттік корпорация жіберген қателіктер анықталған жағдайда бес жұмыс күні мерзімде жете ресімдеу үшін;

ұсынылған құжаттың(тардың) дәйектілігін тексеру немесе қосымша құжат(тар) талап ету қажет болған жағдайда күнтізбелік отыз күн мерзімде жете ресімдеу үшін қайтарады.

Осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша себебін көрсете отырып, тағайындауға құжатты (құжаттарды) жете ресімдеу қажеттілігі туралы хабарлама жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның ЭЦҚ-сымен куәландырылып, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі құжатты (құжаттарды) жете ресімдеу қажеттігі туралы өтініш берушіні sms-хабарлама келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, оның ішінде күнтізбелік жиырма бес күн ішінде хабарламада көрсетілген қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабарлама алған күннен немесе ұялы

телефонға хабарлама жіберген күннен бастап хабардар етеді. Sms-хабарламалар осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес жүргізілетін sms-хабарлама электрондық журналында тіркеледі.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш беруші қосымша құжаттарды ұсынған кезде осы Қағидалардың 19 және 20-тармақтарында көзделген тәртіппен электрондық іс макетін дайындайды.

Егер Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне электрондық шешім жобасы бар электрондық іс макеті келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде құжаттар жете ресімделмесе, жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қолда бар құжаттар бойынша жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы электрондық шешім шығарады.

Портал арқылы қабылданған өтініштер бойынша электрондық іс макетінде болмаған жағдайда жәрдемақыны тағайындау (төлемді өзгерту, жаңарту, тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қабылдау үшін құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда уәкілетті орган тағайындаудан бас тарту туралы шешімді бекітеді.

Электрондық іс макеті толық сәйкес келген жағдайда Қағидаларға сәйкес ЭЦК арқылы жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім жобасын куәландырады және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басқармасының (бөлімінің) басшысына автоматты түрде жібереді.

Басқарма (бөлім) басшысы және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның жәрдемақы тағайындау функцияларын орындастырып басшысы бір жұмыс күні ішінде электрондық шешім жобасы бар электрондық іс макетін қарайды (есептеудің дұрыстығын, сканерленген құжаттардың сапасын тексереді).

Мемлекеттік корпорация жіберген қателіктер анықталған жағдайда басқарма (бөлім) басшысы және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның басшысы электрондық шешім жобасы бар электрондық іс макетін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне осы тармақтың төртінші және бесінші абзацында көрсетілген мерзімдерде жете рәсімдеу үшін қайтарады.

Электрондық іс макеті толық сәйкес келген жағдайда Қағидаларға сәйкес жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басқармасының (бөлімінің) басшысы ЭЦК арқылы жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім жобасын куәландырады және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның басшысына автоматты түрде жібереді.

Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның басшысы жәрдемақыны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдалады, ЭЦК-сы арқылы куәландырады және қабылданған шешімді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне автоматты түрде жібереді.

Жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама ЭЦҚ арқылы куәландырылған жағдайда автоматты түрде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жіберіледі.

Порталда жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама, сондай-ақ жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау мемлекеттік қызмет көрсете нәтижесі болып табылады.

22. Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган шешім жобасымен келіп түскен электрондық іс макетін келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды және осы Қағидаларға 15 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде автоматты режимде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе портал арқылы өтініш берушінің жеке кабинетіне осы Қағидаларға 19-қосымшага сәйкес нысан бойынша тиісті жәрдемақыларды тағайындау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарлама жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылады.

23. Жәрдемақы тағайындаудан (өзгертуден, төлемді қайта бастаудан) бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетіletіn қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері арқылы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес ертерек, бірақ шешім қабылданғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдау өткізу туралы хабардар етеді.

ҚР ӘРПК 73-бабының 3-тармағына сәйкес көрсетіletіn қызметті алушы әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде оны беруге немесе білдіруге құқылы.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетіletіn қызметті беруші жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

24. Тиісті жәрдемақыны тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган Заңың 19-1-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген бас тарту негіздемелерін шешімде көрсетеді.

Бұл ретте осы Қағидаларға 15 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жәрдемақы тағайындаудан бас тарту себептері көрсетілген жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның тиісті шешімі бар электрондық іс макеті Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайтарылады.

Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның жәрдемақы тағайындаудан бас тарту себептері көрсетілген электрондық хабарламасы осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе портал арқылы өтініш берушінің жеке кабинетіне жіберіледі. Хабарлама жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы қуәландырылады.

25. Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы осы Қағидалардың 19 және 20-тармақтарында көзделген тәртіппен өтініш берушінің дәйексіз құжаттарды ұсынғаны туралы мемлекеттік органның және (немесе) ұйымдардың ақпаратына сәйкес дәлелді бас тарруды көрсете отырып, осы Қағидаларға 15 және 16-қосымшаларға сәйкес нысадар бойынша тиісті жәрдемақыларды тағайындаудан бас тарту туралы шешім жобасын қалыптастырады.

26. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақыны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны өтініш беруші өзі жүгінген кезде тапсыру немесе өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қабылдаған шешім туралы хабардар етеді. Хабарлама осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламалар журналында тіркеледі. Sms-хабарлама осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша sms-хабарламаның электрондық журналында тіркеледі.

Жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган Заның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингтеу ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректер енгізууді қамтамасыз етеді.

4-параграф. Жәрдемақылар тағайындау жөніндегі проактивті қызмет арқылы көрсету тәртібі

27. Әлеуметтік кодексте көзделген негіздер бойынша жәрдемақыларды тағайындау құқығы туындаған кезде көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірін "электрондық үкімет" веб-порталында тіркеу кезінде жәрдемақыларды тағайындау және тілді таңдау мүмкіндігі туралы хабардың Е-макеті автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы бастамашылық жасалады.

28. Көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін, сондай-ақ осы Қағидаларға 4 және 8-қосымшаларда көзделген мәліметтерді алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы банктік шот нөмірін растау немесе ұсыну туралы хабарлама жіберіледі.

Проактивті көрсетілетін қызмет арқылы жәрдемақылар тағайындауға өтініш жасалған күн жәрдемақы тағайындауға.

29. Проактивті қызмет арқылы жәрдемақыларды тағайындау кезінде осы Қағидалардың 4 және 8-қосымшаларында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін

мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салу Е-макет автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады.

30. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі электрондық мәліметтерден тұратын электрондық өтінімді тіркейді, электрондық шешім жобасымен электрондық іс макетін қалыптастырады және оны ЭЦҚ-мен күәландырады.

Мемлекеттік корпорация филиалы және жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қызметкерлерінің іс-әрекеттері осы Қағидалардың З-параграфында көзделген.

31. Тағайындау туралы шешім қабылдау үшін қажетті электрондық іс макетінде мәліметтер болмаған немесе дұрыс болмаған жағдайда, жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

32. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі көрсетілетін қызметті алушының ұялы телефонына sms-хабарландыру арқылы жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы қабылданған шешім туралы өтініш берушіні хабардар етеді.

Жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы sms-хабарламалар осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.

Порталда жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен күәландырылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

3-тарау. Жәрдемақыларды төлеу тәртібі

33. Жәрдемақылар төлемін қамтамасыз етуді өтініш берушінің таңдауы бойынша жәрдемақылар беру жөніндегі уәкілетті ұйымдар арқылы бюджет қаражаты есебінен Мемлекеттік корпорация жүзеге асырады.

34. Жәрдемақылар Мемлекеттік корпорация облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана бөлінісінде жасаған жәрдемақы төлеу жөніндегі графикке сәйкес жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган қабылдаған шешім негізінде төленеді.

35. Жәрдемақы ай сайын ағымдағы ай үшін төленеді.

Жәрдемақыларды тағайындауға, қалпына келтіруге, өзгертуге және мөлшерін қайта қарауға және тұрғылықты жерін өзгертуге байланысты төлем айының ағымдағы қажеттілігіне енгізілмеген жәрдемақылар сомалары ағымдағы қажеттілікті қалыптастырғаннан кейін, келесі айдың қажеттілігіне енгізілуге тиіс және бір рет төленеді.

36. Ең төмен күнкөріс мөлшері өзгерген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 15 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тиісті шешім жобасын дайындайды және оны жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға бекітуге жібереді.

37. Шешімнің қолданылу мерзімін ұзарту, қамқоршының, алушының ауысуы үшін негіз болатын немесе жәрдемақы мөлшеріне әсер ететін жағдайлар орын алған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 15 және 16-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша шешім мерзімін ұзарту және (немесе) жәрдемақы мөлшерін өзгерту қамқоршыны, алушыны ауыстыру туралы шешім жобасын дайындайды және оны қайта ұсынылған құжаттармен (бар болса) толықтырылған электрондық іс макетімен осы Қағидалардың 19 және 20-тармақтарында көзделген тәртіппен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға бекітуге жолдайды.

38. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі тиісті жәрдемақылар төлемін осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның төлемді тоқтата тұру туралы шешімінің негізінде өтініш берушіден және (немесе) ақпараттық жүйелерден:

1) жәрдемақылар беру жөніндегі уәкілетті үйым ұсынатын алушының банк шоты бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы;

2) алушылар қатарынан іздеуде жүрген адамдардың хабар-ошарсыз кету, іздеуде жүру фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

3) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны алушының, мүгедектігі бар баланың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

4) шетелдіктің немесе қандастың жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтуі, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

5) жәрдемақы алушының сот тағайындаған бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны өтеуі туралы;

6) арнаулы әлеуметтік қызметтердің аса кепілдендірілген қөлемі көрсетілетін адамдарды қоспағанда, мүгедектігі бар баланың (мүгедектігі бар балалардың), бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұруы туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

7) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған жәрдемақы алушының қайтыс болу фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

8) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген жағдайларда қорғанышларды (қамқоршыларды) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету туралы;

9) медициналық-әлеуметтік сараптамаға дәйексіз құжаттарды ұсыну және (немесе) сараптамалық қорытындыны негізсіз шығару фактісін анықтау туралы хаттаманы рәсімдеу;

10) күтім жасайтын адамның немесе бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен басқа мекемеге кетуі туралы;

11) күтім жасайтын адамның немесе бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің басқа бөлімшесіне ауыстыру туралы.

39. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органды төлеуді тоқтату туралы шешім негізінде мән жайлар туындаған күннен бастап жәрдемақы төлеуді негіздер бойынша тоқтатады:

1) баланың, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның немесе күтім жасайтын адам қайтыс болған жағдайларда;

2) мүгедектігі бар баланы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды мемлекеттің толық қамсыздандыруы айқындалғаны жағдайларда;

3) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның немесе күтім жасайтын адам өтініш берген жағдайларда;

4) күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін мүгедектігі бар адамда мүгедектік тобы өзгерген жағдайларда;

5) күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін бірінші топтағы мүгедектігі бар адам немесе күтім жасайтын адам адам басқа елді мекенге немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрғылықты тұрақты тұруға кеткен жағдайларда;

6) Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісі анықталған жағдайларда, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

7) жәрдемақының заңсыз тағайындалуына алып келген дәйексіз мәліметтер ұсынылған жағдайларда;

8) қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жазасын өтеу мерзімі өткен жағдайларда;

9) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге жәрдемақы тағайындау үшін "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген жағдайларда ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе құқықтарын шектеу, бала асырап алууды жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою, қорғанышыларды (қамқоршыларды) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету.

Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге, күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыларды тоқтатқаннан кейін оны алуға құқық туындаған кезде өтініш беруші Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне жәрдемақыға құқықты растайтын құжаттарды қоса отырып осы Қағидаларға 2, 6-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қайтадан өтініш тапсырады. Өтініш беру күні жүгіну күні болып есептеледі.

40. Қазақстан Республикасының басқа өнірлеріне тұруға кеткен жәрдемақы алушының электрондық іс макеті осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның басқа бөлімшелерінің электрондық сұрау салуы бойынша жолданады.

Алушының бұрынғы тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесі сұрау салу келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің ЭЦҚ-мен қуәландырылған электрондық анықтама-аттестатты қалыптастырады және алушының жаңа тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне жібереді.

